

МАРАЛ ИШАННЫҢ ПАТША ӘКІМШІЛІГІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Шәкімбаева Арайлым, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А. Күзембайұлы**

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Алматы қаласында 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында дүние жүзі қазақтары өкілдерінің қатысуымен құрылтай өтті. Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев былай деген болатын: «Әрине бодандықтың аты - бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұлан-ғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз – тәрік, тіліміз – ғаріп, мәдениетіміз – мүшкіл, өзіміз – мүскін халге ұшырадық» [1, 114 б.]. Осы құрылтайда академик Манаш Қозыбаев: «Сонау XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістер өрбіді. Тарих санасына Сырымдай, Махамбеттей, Кенесарыдай, Садықтай, Есеттей, Жанғожадай, Аманкелдідей, Бекболаттай айбынды да айдынды, қаһарлы да қайырымды, тегеурінді де екпінді, қайғылы да мұңды, сегіз қырлы бір сырлы ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері шықты» [2, 192 б.] - деп тарихи шындықты айтқан еді. XIX ғасырдың басында азаттық жолындағы күреске ислам дінінің өкілдері де қатынасты. Соңғы жылдары болмаса, кеңес заманында діни қозғалыстар зерттеу тақырыбына айналмағандығы белгілі [3, 180-182 б.]. Бір өкініштісі тарихи әдебиетте бұл тұлғаның әрекеті көрініс таппаған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін біз Марал ишан тақырыбын зерттеуді мақсат еттік.

Марал бабамыз тек діншіл ғана емес, ол – қоғам қайраткері, азаттық үшін күрескер, ұлт-азаттық қозғалыстың рухани көсемі. XIX ғасырдың 30-жылдары Марал ишан қазақ халқын «Ғазауат» соғысына шақырды. Алдымен Құсмұрын атырабында басталған бұл қозғалыс Қазақстанның солтүстігінің біраз жерін қамтыды. Кейбір зерттеушілер «Ғазауат» соғысын қолына қару алып, жауға қарсы тұру деп есептейді. Ал енді ислам дінін берік ұстаған, жан-дүниесі таза адам басқа дінді дәріптейтін басқыншыларға іштей болса да қарсылық көрсетті. Мұсылман діні өктемдік атаулының баршасына қарсы екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Марал бабамыз патша үкіметі чиновниктеріне қайта-қайта адам жіберіп, хат жазып, қазақ жерінде орыс бекіністерінің салынуына қарсылық білдірді. Ешқандай жауап ала алмаған ол әскер жинап, қарулы қарсылық білдіруге дейін барды [4, 61-69 б.]. 1819 жылдың жаз айының басында Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдарының бас қосып, Қақ сорының жағасында өткізген құрылтайында Есенейдің боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне шымқай-ақ киімдер кигізіп, Марал ишан әулие, дуалы ауыз билер мен бектер, батырлар ақ баталарын беріп, жиналған көп халық ақ тілек тілеп, ақ кигізге отырғызып көтеріп, бір ауыздан мақұлдап, Сібір қазақтарының шорасы етіп сайлапты [5, 5-10 б.]. Естемесұлын шора сайлауға Омбы, Қызылжар шаһарларында тұратын қазақ, татар дінбасылары мен мырзалары да белсене қатысыпты. Шора болып ел басқаруымен қатар, Есеней өз ұстазы Марал ишан Құрманұлы бастаған ғазауатқа бұрынғысынша белсене қатысып, оған әскерге елден ат-азық, киім жинап беруге көмектеседі. Қызылжар жерінде атақты Сартай, Шақшақ батырларымен тізе қосып, шайқасқа шығады. Орыстардың бірнеше бекіністерін талқандап, бұлар халық алғысына бөленеді. 1834 жылы «Қожаберген Шөптікөл» жағасында болған Сартай батыр мен отаршылдар арасында болған ұрыс Сегіз Серінің «Туған еліме» деген өлеңіне арқау болған [6, 40 б.].

Марал бабамыз қолбасшыларды желеп-жебеп, ақ батасын беріп отырғандығы да кездейсоқ емес. Бұл – рух құдіретінің киелі парасаты. Даңқты Кенесары өзінің қарын бөлесі

Марал ишанның данышпандығына бас иіп отырған. Көтеріліске қатысушыларға діни басшылық жасау үшін Марал келісім беріп, хан сарайының Кеңес құрамына кіреді. Кеңесары көтеріліс бастап, бодандыққа қарсы шайқасып жатқан кезде Марал ишан Батыс-Сібір мұсылмандарының өз бетінше сайлап қойған бас мүфтиі болатын. Бұдан былай даулы мәселелер шарифат үкімі бойынша шешіліп отырды. Қазақ қосынына рухани демеу көрсетіп, кей жағдайда өз бойындағы керемет қасиеттерімен де көмектеседі. Кезінде Кеңесары әскерінің бірсыпыра жеңістерге жетуіне, халық алдында беделінің артуына әулиенің көп үлесі болады. Ол білген ақыл-кеңесін айтып отырады. Орыстардың әскери техникасының артықшылығын, артынан келер көп күш бар екенін айтып, осы соғысты одан әрі соза бермеуге Кеңесарыға кеңес береді. Соғыс жағдайындағы халықтың жағдайын жақсартып, игілікке жеткізудің таптырмайтын көзі – оларды егіншілікпен айналыстырып, отырықшылық тұрмысқа үйрету керек екендігін Марал ишан үнемі шегелеп айтып отырған. Маралдың бұл ойынан кейін Кеңесары жақтастарын дереу егіншілікпен айналысуға үгіттейді. Осыған байланысты Орынбор шекара комиссиясының есептеріне былай деп жазылған: «Ресей төңірегіне оралуға мүмкіндігі болмағандықтан, ол өзінің жасақтарына Іле мен оның жағалауларында егіншілікпен айналысуға ақыл берді» [7, 25 б.]. Кеңесары жақтастарының егіншілікпен айналысқанын Кеңесары ордасында болып қайтқан Дәулеткелді Беспаевта әңгімелейді. «Қиын жағдайда болғандықтан, өзінің жақтастарына тамақ табудың жалғыз жолы әрі лайықты шара ретінде егіншілікпен айналысуды ұсынды». Сонымен Кеңесарының егіншілерді қолдау саясаты қазақтардағы егіншіліктің онан әрі дамуына әсер етті. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында-ақ егіншілікпен қазақ руларының едәуір бөлігі айналысты. «Кеңесарының көтеріліске қатысушылардың материалдық жағдайын жақсартудың жалғыз жолы егіншілік деп түсінген сияқты». Бұл Кеңесары серігінің бірі Марал Құрмановтың сөзімен расталады, ол өзі «Сендерді егіншілікпен байытамын» [8, 265 б.]. – деп, қазақтарға уәде беріпті деп көрсетеді Е.Бекмаханов.

Бабамыздың қыр мен Сырға кең жайылған атақ-даңқы, отаршыл орыс үкіметінің үрейін алды. Оның іс-әрекеті орыс ұлықтарын қатты абыржытып, әбігерге салды. Қазақ-орыс арасындағы саяси мәселелерді Марал бабамыз келіссөз арқылы шешуді көздеді. Осы мақсатпен ол Омбыға Керей болысының ақсақалы Байсал арқылы екі хат жібереді. Біреуі Орынбор әскери губернаторы Эссенге, екіншісі Сібір жеке корпусының командашысы Капцевичке жолданды. Татар мәнерінде жазылған екі хаттың да мағынасы бірдей. Сібір әкімшілігі бұл жағдайды, әсіресе Марал Құрманұлының Петербургқа барып-қайтуға тілек білдіріп жүргенін Азият департаментіне хабарлайды. Вице-канцлер граф Несельроде 1821 жылғы 20 қаңтарда Сібір генерал-губернаторы Сперанскийден хат арқылы Марал өтінішінің мән-жайы туралы пікірі қандай екенін сұрайды [9, 876-880 б.]. 1822 жылғы 24 қаңтарда ол граф Несельродеге хатпен жауап қайтарады. Граф Несельроденің баянхаты бойынша Марал Құрманұлын Петербургке шақыртып алу туралы 1822 жылғы 12 ақпанда жарлық шығып, оны жолға қамдау жөнінде тиісті нұсқаулар беріліп, қажетті жұмыстар атқарылып жатады. Марал Құрманұлын астанаға алдыру жөніндегі жарлыққа орай генерал Капцевичтің жазған хаты иесінің қолына тимей, Байсалдың қалтасында қала береді. Бабаның патша қабылдануына бармаған себебі де бүгінде анықталғандай: 1821 жылдың маусымында Орынбор генерал-губернаторы жүзбасы сұлтан Жантөре Жиһангеровке Маралды тауып алуды тапсырса, ол өз тарапынан сұлтан Жұма Құдаймендиевке Маралды ұстауды бұйырған. Ал орыс әскерінің полковнигі Грамматин Сұлтан Шотайға Маралды ұстауды тапсырған. Осындай жағдайларды біліп отырғандықтан да қабылдауға бармаған сияқты.

Марал бабамыз ұлт-азаттық қозғалыстың өз мақсатына жетпейтіндігін сезгендей болды. Себебі, көріпкелдік және сәуегейлік қасиеті бар ол сол кездегі қазақ халқының мүшкіл халін түсіне білді. Ол осы жылдары башқұрт, татар халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын қолдап, отаршыларға қарсы ортақ майдан ашуды ойлайды. Ол сол елдерге елші жіберді деген де деректер бар. Яғни, оны пантюркизм идеясының негізін қалады деуімізге болады. Көршілес жатқан мұсылман елдерін біріктіріп, Мұхаммед пайғамбар туы астында мемлекет болу қажеттігін айтқан да Марал баба. Сондықтан оны пантюркизм идеясының

негізін қалаушы деп те айтуға болады. Маралдың қазақ сахарасынан кетуі турасындағы хабарлар түрлі-түрлі болды. Кейбір сыбысқа қарағанда, ол «Алашшылдардың» шақыруы бойынша солармен бірлесіп, хиуалықтармен соғысып жатқан Бұқар әміріне көмек беруге кетті дейді. Ал бұдан гөрі дұрысырақ хабар 1824 жылы алынады. Оған сенсек, 1823 жылдың жазында хиуалықтардың Бұқарға бара жатқан керуенге шабуыл жасап, қазақ байларының мың түйесі мен жүз мың қойын айдап алып, елу адам өлтіріп кеткен хабарын ести сала Марал Құрманұлы ақ адал мал-мүлікті қайтару үшін Хиуаға аттанғалы қол жинайды. Халықты бұл жорыққа көбірек тарту үшін жұртқа жар салып, бұл жолы өзімен бірге жауға қарсы барғандарға оқ өтпейді, қылыш дарымайды деп жариялайды. Дұшпанды жаппай, таланған малды түгел қайтарып олжалы оралатынына сенген қазақтардың көпшілігі Құрманұлының айтқан сөзіне қызығып Хиуаға қарсы аттанады. Жүзеге асуы екіталай бұл қатерлі сапардың немен аяқталғаны белгісіз. Марал ишанның бұдан кейінгі тағдыры да белгісіз. Марал ишанның өмірден өткендігі жайлы әртүрлі мағлұматтар бар. Белгілі журналист Т.Дайранбай баспасөз беттерінде Марал ишанның 1852 жылы тірі екендігін айғақтайтын құжаттар бар екендігін жариялаған [10, 5-7 б.]. Сонымен қатар орыс полковнигі И.Ф. Бларамбергтің «Естеліктер» атты кітабында 1852 жылдың 1 тамыз күні Марал Құрманұлын Ақмешіт маңайында көргенін айтады. Олай болса ишан Сәден Нұртайұлы мен көрнекті журналист Сырлыбай Бүркітбайұлының айтқанындай 1841 жылы емес, туған елі Арқаға қыдырып барған кезінде мүшелді жасында шамамен 1853 жылы жаз айында дүние салған. Қабірі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен 18 шақырым жерде орналасқан [11, 92 б.]. Мен осы жердің тумасы, әрі уақ-керей болғандықтан туысы болып саналамыз. Ол кісінің тікелей ұрпақтары ауылда тұрады. Біздің әулеттің де зираты да бабамыздың қасында. Алыс-жақын шетелдерден бабамыздың басына зиярат етуге келеді. Қарасы үзілмеген келушілер құран оқып, басына түнейді, дертіне ем іздейді, бала сұрап келіп, құдықтағы киелі суды ішіп арман-тілектерін айтады.

Марал ишан қозғалысының сәтсіздікпен аяқталуына бірнеше себептер болды. Біріншіден, қозғалысқа қазақтың көптеген рулары атсалыспады. Бұл кезде қазақ қоғамы екіге бөлініп, олардың бір тобы орыс әкімшілігінің ырқынан шыға алмады. Екіншіден, Марал ишан қазақ үшін қалыптасқан саяси жағдайдың тұрақсыздығын ескермеді. Бүкіл мұсылман халықтарының басын қосып, бірегей ислам мемлекетін құру оның орындалмас арманы боп қала берді. Үшіншіден, қолына қару алған қазақ жігіттерінен не сұлтанда, не батырларда береке болмады. Сондықтан да, бабамыз қарулы қарсылықтан гөрі, рухани қарсылыққа көңіл аударуды дұрыс деп есептеді. Дегенмен, Марал ишан әскерлері Ресей үкіметінен жеңіліс тапты деген қорытынды жасаудан аулақпыз. Ашамайлы Керейлер қозғалысы Саржан төре мен Жоламан Тіленшіұлының Ресей отаршыларымен қарулы қақтығысына ұласты. Мұның барлығы ақырында 40 жылға созылған Кенесары хан бастаған қазақ-орыс соғысын туғызды [3, 184 б.].

Қорыта келгенде, Марал ишан қозғалысы діни сипатта болғанымен отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық соғыс екендігін мойындауымыз қажет. Марал ишан заманындағы «ғазауат соғысы мен ұлт-азаттық көтерілістерінің» жеңілуіне осы жағдайлар бірден-бір себеп болған. Патшаның жергілікті әкімдері өздеріне жалпақтап, бар ынта-жігерімен берілген қазақтың шонжар сымақтарын осындай істерге айдап салып отырған: халыққа іріткі салғызған, жасырын тыңшылық жүргіздіріп, көтерісшілердің әлсіз жақтары мен бейқам кездерін біліп отырған. Сол себепті, көтеріліс бастаған есіл ерлер қапы да қалып, бармақтарын шайнап-шайнап кеткен, аман қалғандары ел ішінде болып, халқының ауыр халіне іштей қайғыланып, қынжыла-қынжыла өмір кешкен. Дүниежүзі халықтарымен ынтымақтастық байланыстарын нығайтуда Қазақстанның көп ғасырлар тарихындағы Марал Баба Құрманұлы сынды қайраткерлер қазақ халқының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы өсіп-өркендеуін, кемелденуін, мәңгілік сақталуы үшін шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметтері арқылы үлес қосты. Ұлттық рухани құндылықтарымызды ұлықтап, күрескерлік, азаматтық-отаншылдық, өршіл рухы жоғары жаңа ұрпақты қалыптастыру қасиетті борышымыз. Бұл – Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбие жүйесіндегі біздің берік

ұстанымымыз. Өкінішке орай, діни қозғалыс деген желеумен ғылыми зерттеуден тыс қалған бұл проблеманың біздің білгенімізден білмегеніміз көп екендігі белгілі. Бұл тақырып терең зерттеуді, тың деректерді ашуды, шетелдік мұрағаттардағы құжаттарды елге әкелуді, сөйтіп, діни қозғалыстарды ұлт-азаттық күрестің бір тармағы екендігін дәлелдейтін уақыт жетті. Іздене берсек, Марал Құрманұлы жөнінде көптеген Ресей патшалығы мен Хиуа, Бұқара хандықтарының құжаттарында Марал есімі тағы да кездесуі мүмкін. Сондықтан, үлкен ғұлама, білімдар тәуелсіздік жолында күрескен Марал баба жөнінде әлі де іздестіруді жалғастырып, ол жайлы кең көлемде көркем туындылар мен тарихи деректерге арналған кітаптар шығарып, басқа да түрлі баба рухын асқақтататын шаралар жасалса, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүниежүзі қазақтар құрылтайы. – Алматы, 1993. 114 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994, 192 б
3. Күзембайұлы А. Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. 2011. Қостанай:-417 б.;
4. Марал Құрманұлы – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстың рухани басшысы. // Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана. Марал Ишан Құрманұлының 250 жылдық мерейтойына арналған респу-бликалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Қызылорда, 2010. 61-69 б.
5. Марал Құрманұлы-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ұлт-азаттық қозғалыстың рухани басшысы. // Қоғамдық сананы жаңғырту және Қазақстандық жаңа гуманитарлық ғылымдар. Халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. 18-19 қазан. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.-Қарағанды: ЖШС «PEGASO», 2018, 5-10 б.
6. Қожаберген Толыбайұлы. Ата тек. Петропавл 2010 ж. 40 б.
7. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты Алматы 1994, 25-30 б.
8. Бекмаханов Е. Шығармалар жинағы. Павлодар 2005. 266 б.
9. Айбын. Энциклопедия. // Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X
10. Дайранбай Т. «Сыр мәдениетінің қабырғалы қайраткері» Сыр бойы газеті 2013 ж 7 желтоқсан № 27. 5-7 б
11. Нұртайұлы. С «Ислам және Марал баба» 1996 ж. 92 б.